



Ақсу өңірі

ЖЕТІСУ
ОБЛЫСЫНА
ЖЫЛ

Газет 1934 жылғы
1 қазаннан шығады

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

№22 (10 277)

6 маусым

жұма

2025 жыл

aksuoniri@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы
«Қазақстан Республикасының әкімшілік - аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Алматы облысының әкімшілік орталығы Талдықорған қаласынан Қонаев қаласына көшірілсін.
2. Мыналар:
 - 1) Шығыс Қазақстан облысының құрамынан Ақсуат, Абай, Аягөз, Бесқарағай, Бородулиха, Жарма, Үржар, Көкпекті аудандарын, Семей және Курчатов қалаларын бөлу жолымен әкімшілік орталығы Семей қаласында орналасатын Абай облысы;
 - 2) Алматы облысының құрамынан Ақсу, Алакөл, Ескелді, Қаратал, Кербұлақ, Көксу, Панфилов, Сарқан аудандарын, Талдықорған және Текелі қалаларын бөлу жолымен әкімшілік орталығы Талдықорған қаласында орналасатын Жетісу облысы;
 - 3) Ақмола облысының құрамынан Жаңаарқа, Ұлытау аудандарын, Жезқазған, Қаражал және Сәтбаев қалаларын бөлу жолымен әкімшілік орталығы Жезқазған қаласында орналасатын Ұлытау облысы құрылсын.
 3. Алматы облысының жергілікті өкілді және атқарушы органдары, сондай-ақ орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелері мен ведомстволық бағынысты мекемелері Қонаев қаласына көшірілгенге дейін Талдықорған қаласында орналасады деп белгіленсін.
 4. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотымен, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сот Кеңесімен, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдармен бірлесіп, бір ай мерзімде ұйымдастыру іс - шараларының жоспарын (жол картасын) бекітсін және осы Жарлықты іске асыру жөнінде өзге де шараларды қабылдасын.
 5. Орталық мемлекеттік органдар, Абай, Жетісу, Ұлытау облыстарының, сондай-ақ Шығыс Қазақстан, Алматы, Қарағанды облыстарының жергілікті өкілді және атқарушы органдары орталық мемлекеттік органдардың тиісті аумақтық бөлімшелерінің, жергілікті өкілді және атқарушы органдар мен ұйымдардың іркіліссіз және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөнінде шараларды қабылдасын.
 6. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.
 7. Осы Жарлық 2022 жылғы
 - 8 маусымнан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Президенті Қ.ТОҚАЕВ

Нұр-Сұлтан, Ақорда,
2022 жылғы 3 мамыр
№887

4 МАУСЫМ – МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР КҮНІ

РУХ КӨТЕРЕР РӘСІМ

**МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР КҮНІН ТАЛДЫҚОРҒАНДЫҚТАР
«РӘМІЗДЕРІМ – МАҚТАНЫШЫМ!» АТТЫ ҚУАТТЫ ПАТРИОТТЫҚ АК-
ЦИЯМЕН АТАП ӨТТІ. САЛТАНАТТЫ ШАРАҒА ОБЛЫС ӘКІМІ БЕЙБІТ
ИСАБАЕВ ҚАТЫСТЫ.**

«Жастар» саябағында Мемлекеттік Туды көтеру салтанатына, көгінде қыраны қалықтаған, аспанын бұлт торламаған еліміздің рухын көтеретін шараға қала тұрғындары да ағыла келіпті. Еңбектеген баласынан еңкейген көрісіне дейін кеудесіне қолын қойып, Рәміздерімізге тәу етуге келгендері көрініп-ақ тұр. 92 метр биікте, шырқау көкте желбіреген алып Тудың астында көзіне жас алып, сезімге еріксіз бой алдырған қарияларды да көз шалды.

Салтанатты мезіретте Оқушылар сарайының, Қ.Байсейітов атындағы музыка Әуел облыс әкімі Бейбіт Исабаев Салтанат сарайында Ко-митет өкілдерін қабылдады. Тараптардың кездесуінде аймақ басшысы жоғарғы палата депу-таттарына елдің заңды, құқықтық әлеуетін арттыруға қосқан үлесі үшін ризашылығын білдірді. Өңірде өткен көшпелі отырыс-та талқыланды мәселелер заңды қолдану тиімділігін және қолданыстағы заңнамаға қажетті өзгерістер енгізу бойын-ша үлкен маңызға ие екенін де жеткізді. Облыс әкімі өз сөзінде аймақта құқықтық тәртіпті сақтау, азаматтардың, соның ішінде балалардың құқығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында атқарылған жұмыстарға қысқаша тоқталды. Мәселен, облыс мектептеріндегі «Әдеп-құқық жұмысы жөніндегі ментор» жобасы оқушылардың құқықтық тәрбиесіне оң ықпал етуде. «Жанұя» отбасын қолдау

орталығы бүгінге дейін өмірлік қиын жағдайға тап болған 205 отбасыларға әлеуметтік, заңдық, психологиялық қолдау көрсеткен. Өңір басшысы сондай-ақ, құқықтық тәртіпті сақтаудағы цифрландырудың рөлі, соның ішінде бейнекамералар орна-тату, ішкі істер органдарының материалдық-техникалық базасын нығайту жұмыстарын сөз етті.

Салтанат сарайында өткен Қазақстан Республи-касы Парламенті Сенаты Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің көшпелі отырысын-да алғы сөз алған Комитет төрағасы Нұрлан Бекназаров заң үстемдігі мен адам құқықтарын қорғау қағидатын нығайтуда қоғамда құқықтық мәдениетті қалыптастыру басты рөл атқаратынын алға тарт-ты.

– Заңның үстемдігі мен адам құқығын құрметтеу – қоғамдағы әділеттілік, теңдік пен тұрақтылық қырылатын құқықтық мемлекеттің негізгі қағидасы. Мемлекет бас-шысы «Құқықтық тәртіп» қағидаты құқықтық колледжінің құрама хоры мен облыстық филармонияның солистері Қазақстан Республикасының Әнұранын орын-дады. Шараға қатысушылар да хорға қосылып рух көтерді.

Іс-шара әскери оркестрдің, әскери қызметкерлердің, спорт, мәдениет, білім, этномәдени бірлестіктер өкілдерінің, сондай-ақ жастар мен еріктілердің қатысуымен салтанатты шеруімен

жалғасты. Ал шерудің соңы Орталық алаңда «Көк Тудың желбірегені» патриоттық акциясы-мен аяқталды.

Акцияға белсенді қатысушылардың бірі – Лариса Котельникова. Айтуынша, достық пен татулықтың мекені атанған Қазақстанның көк байрағы қашан да биікте болуы керек.

– Қазақстанның туы ашық аспан, нұрлы күн және қыран құстың еркін ұшуын бейнелейді. Қай жерде болсақ та, мемлекеттік рәміздерімізді әрбіріміз мақтан тұтады. Татулықтың мекені болған еліміздің рәміздерінен асқан құндылық жоқ. Көк туымыз, Елтаңбамыз бен кеудемізге рух оятар Әнұранымызды қастерлеуге әрбір ұрпақты тәрбиелеуіміз керек. Себебі, бүгінгі ұрпақ – ертеңгі тулға. Ал біз ертеңімізді құрқы-н ету үшін бүгін елжандылыққа, елсүйгіштікке бейімдеуіміз керек. Шыны керек, жүрегіміз даланың әуені мен өніне толы! Біз тәуелсіз және біртұтаспыз – бұл біздің күшіміз, – дейді Лариса Котельни-кова.

Рух көтерер рәсімді жыл сайын үзбей тамашалайтын тұрғындар да бар екен. Қала тұрғыны Жа-ния Құнарбаева жыл сайын ба-лаларын ертіп, еліміздің басты құндылығын дәріптеуге ұрпағын тәрбиелеуді әдетке айналдырып-ты.

– Балаларым – еліміздің ертеңі. Ана ретінде олардың отансүйгіш болып өскенін, еліміздің болашағын жарқын етер тұлға болғанын қалаймын. Сондықтан еліміздің рәміздерін танып-білулері үшін, тәу етулері үшін осы күні жыл сайын осы жерден табыламыз, – дейді қала тұрғыны.

ЛЕБІЗ

Мемлекет басшысының батыл да байыпты реформаларының бірі өңірлердің даму өрісіне жіті мән беріп, үш жаңа облысты құрғаны болды. Сол қатардағы Жетісу облысы үш жылдың жүзінде өз бет-бейнесін, әлеуетін танытып үлгерді.

ЖЕТІСУ – ЖӘННАТ МЕКЕН



Шажа, Текелі өзендері түйісіп, ары қарай Қаратал бөліні ағады. Өйгілі Бұрханбұлақ сарқырамасына баратын жолды жөндеуге ден қойылды. Сондай-ақ қаламызда шаңғы-биатлон көшенін салу бастамасы турп-стер ағынын ұлғайтуға, қаланың, жалпы облыстың туристік әлеуетін көтеруге серпін беретіні сөзсіз.

Өткен жылдың қорытындысында Жетісу облысы республика көлемінде әлеуметтік-экономикалық өркендеу көрсеткіштері бой-ынша алдыңғы қатардан көрінгені бірімізге ортақ мақтаныш, мерей болды. Атқарылып жатқан жүйелі істер көз ал-дымызда. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Жетісу зиялыларымен кездесуінде: «Біз еліміздің болашағы қандай бағытта дамитынын ойласақ, ең алдымен, жаста-рымызға көңіл бөлуіміз керек. Еліміздің болашағы жастардың қолында. Қай жер-ге барсам да, үнемі айтып жүремін. Жас-тарымызды көзі ашық, көкірегі ояу, адал азамат етіп тәрбиелеуіміз қажет. Бұл – ел дамуының маңызды бір бағыты. Ал енді облыстың дамуына қарғын болсақ, өңірде әлеуеті зор. Даму қарқыны жақсы, әрі де түйткілді мәселелер бар. Мен облыстың жағдайын жақсы білемін. Алдағы уақытта да назар аударамыз», – деген болатын.

Өрине, облыстың еңсеретін белестері әлі алда. Дамудың сан саласына білімді, жігерлі, отансүйгіш, іскер жастар келіп, тың леп, жаңа серпінмен іске кіріссе, жәннат мекен Жетісудың жұлдызы жарқырап, өңір халқының ырыс-берекесі еселене түсетініне сенемін.

Ертай ДҮЙСЕБАЕВ,
Жетісу облысының Құрметті азаматы,
Текелі қалалық
Ардагерлер ұйымының төрағасы

КӨҒАЛДАНДЫРУ – КӨНТІҢ ІСІ

3 ЖЫЛДА
ОТЫРҒЫЗЫЛҒАН АҒАШТАР:



Жетісу облысы құрылғаннан бергі 3 жылда өңірде 11 саябақ, 5 сквер және 2 аллея салынған, олар – Ақсу, Алакөл, Кербұлақ, Қаратал, Панфилов аудандарында және Талдықорған қаласында. Сол сияқты 21 саябаққа күрделі жөндеу жүргізілді.

Облыста көгалдандыру жұмыстарына ерекше мән беріледі. 2022-2024 жылдар аралығында ау-дан-қалаларда 21 саябақ күрделі жөндеуден өткі-зілсе, биыл 5 саябақ, 2 сквер, 1 аллея мен 69 ес-керткішке жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Атап өтсек, облыс көлемінде жалпы аумағы 296,3 га болатын 132 саябақ, сквер, аллея-лар бар.

Ел Президентінің тапсырмасына сәйкес, Жетісу облысының елді мекендерінде бес жылда 538 мың ағаш көшетін отырғызу жоспарланған. 2021-2024 жылдары 418

мың ағаш егілсе, соның ішінде соңғы үш жылда отырғызылған жапырақты және қылқанжапырақты ағаш саны – 292 мың. Ал биыл аудан-қалалар аумағында 120 мың көшет отырғызу жоспарланған, бүгінгі күнге соның 55,9 мың данасы отырғызылды. Атап өтсек, аудан-қалаларда көктемгі және күзгі маусымдарда тұрғындардың қатысуымен ағаш егу және басқа да экологиялық ша-ралар жыл бойы «Таза Қазақстан» акциясы аясында белсенді түрде атқарылып келеді. Бұл ретте жыл басынан бергі іс-шараларға өңірде 17 мыңнан астам адам қатысты.

**ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ
БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ**



ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНА ЖЫЛ

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ГАЗДАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ

Жетісу облысында 3 жылдың ішінде:

- 84 елді мекен
- 1700-ден астам тұрғын үй
- 42 млрд. теңге

Жетісу облысы құрылғаннан бері табиғи газбен қамтылған елді мекендердің саны 5-тен 84-ке артты

ГАЗДАНДЫРУ – елді мекендерді жандандыру

Айгүл БАЙБОСЫНОВА,
«Jetisú»

Қазіргі таңда аймақта «Жетісу облысын 2030 жылға дейін кешенді газдандыру» өңірлік кестесін іске асыру жұмыстары жалғасып жатыр. Бағдарлама аясында табиғи газға 358 елді мекеннің 192-сін қосу көзделуде. Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының орын-басары Азамат Бейсбаевтың айтуынша, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес жыл аяқталғанша Кербұлақ ауданынан Талдықорған қаласына дейін 101, Панфилов ауданының 25, барлығы 500 мың тұрғыны бар 126 елді мекенді табиғи газбен қамтамыз.

Сыз ету міндеті тұр. Осындай ауқымды іс-шаралардың нәтиже-сінде аймақты газдандыру деңгейі 71,4%-ға жетеді. Қазіргі таңда 84 елді мекен газдандырылған, бұл жоспарланған көрсеткіштің 58,2%-ын құрайды. Яғни, 400 мыңнан аса адам көгілдір отынға қол жеткізіп отыр. Айта кетейік, Жетісу облысы құрылғанға дейін тек 210 мың адамы бар 5 өңір немесе облыс халқының 29%-ы ғана газдандырылған болатын.

Өткен жылдың қорытындысы бойынша 63 елді мекен немесе облыс жұртшылығының 56%-ы көгілдір отынмен қамтамасыз етілді. Жыл соңына дейін қалған

42 елді мекен табиғи газға қосылады деп күтілуде. Газдандырудың екінші кезеңінде Ақсу, Сарқан және Алакөл аудандарын көгілдір отынға қосу жоспарлануда. Бүгінгі таңда құны 131,7 млрд. теңге болатын «Талдықорған – Үшарал» магистральдық газ құбырының құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Жобада ұзындығы 302 шақырым, 6 АГТС орнатумен магистральдық газ құбырын салу көзделген, бұл 124 мың тұрғыны бар тағы 66 елді мекенді газға қосуға мүмкіндік береді. Тапсырыс беруші – «Интергаз Орталық Азия» акционерлік қоғамы, мердігер «Asia Caspian Construction» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Құрылыс жұмыстары өткен жылдың тамыз айында басталған. Қазіргі уақытта құбырдың дайындығы 97%-ды құрайды. Сонымен бірге 6 автоматтандырылған газ тарату стансысын орнату ісі басталды. Бұл жұмыстар қазан айында толық аяқталады деп күтіліп отыр. Сонымен бірге Ақсу, Сарқан және Алакөл аудандарындағы 124 мың адамы бар 66 елді мекенді газдандыру бойынша жобаларды әзірлеу жұмыстары жүрде. Сараптама қорытындысы осы жылдың қыркүйегінде шығарылады деп жос-парлануда. Жобалау ұйымы – «Қазақ Энергетика және байланыс ғылыми-зерттеу жобалау институты» жауапкершілігі шек-теулі серіктестігі, жұмыс жеке инвестициялар есебінен іске асырылады. Жоғарыда көрсетілген жобаларды уақытылы әрі сапалы іске асырудың нәтижесінде 642 мыңнан аса облыс тұрғыны не-месе жалпы халықтың 92%-ы көптен күткен көгілдір отынға қол жеткізіп, қуанышқа кенеледі. Жалпы, аймақтағы газдандыру мәселесі тұрақты бақылауда.

ТАБИҒИ ГАЗ – жылулық пен жайлылық көзіне айналды

Бүгінде бүкіл жер жүзі жасыл экономикаға бет бұрып, көгілдір отынды кеңінен қолдана бастады. Бұл бағыттағы жұмыстар біздің елде де қарқынды жалғасып, ең маңызды міндеттердің қатарына ену-де. Өйткені, оған жылдан-жылға сұраныс артып, табиғи отынның игілігін көргісі келетіндер көбейіп жатыр.

С о н д ы қ т а н аймақтардағы елді мекендер көгілдір отынмен қамтамасыз етіліп, жүйелі істер атқарылуда. Газ саласы – тек экономикалық өсімнің драйвері ғана емес, сонымен бірге елдің экономикалық өсуінің ең маңызды мультипликативті әсерлерінің бірі. Елді газдандыру жобалары арқасында елді мекендерге құбырлар тартылып, экологиялық жағдай жақсарып, тұрмыстық жағдай түзеліп келеді.

Мемлекет басшысы Қасым - Жомарт Тоқаев ауылдарды дамыту, елді мекендердің и н ф р а қ ұ р ы л ы м ы н жақсарту жөнінде міндет жүктеген еді. Бұл бағытта Жетісу облысында да жүйелі жұмыстардың жүріп жатқанын бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілер арқылы күнделікті хабардар болып жүрміз. Соның ішінде Президент Қазақстандағы елді мекендерді табиғи отынмен қамтуды басым бағыттардың бірі екенін үнемі айтып отырады.

Газ саласының еліміз үшін де, әлемдік энергетика жүйесі үшін де маңызы зор. Сондай-ақ, Қазақстан көміртерегінен таза ел болуы тиіс. Табиғи газды пайдалану көмірқышқыл газ шығарындыларын төмендетіп, зиянды қоспалардың болмауына және көмір мен мазутпен

салыстырғанда, жоғары энергетикалық тиімділікке байланысты экологиялық жағдайды жақсартуға айтарлықтай септігін тигізбек. Яғни, бұл ауаны ластанудан сақтайды. Газға көшу қазірдің өзінде зиянды қалдықтардың ауаға таралуын бірнеше есеге азайтып жатқан көрінеді.

Ал қазіргі заманда ауаның бүлінуі – экологиялық проблемаға айналып барады. Осы орайда, еліміздің газ саласын дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған Кешенді жоспарына сәйкес, 2030 жылға қарай 13,5 миллион адамды немесе халықтың 65 пайызын көгілдір отынмен қамту тапсырылған. Сондықтан, Президенттің бастамалары тікелей көрсеткіш қана емес, сонымен бірге талай жылға арналған жаһандық жоспар.

Өзіміз көріп отырғанымыздай, осы бағыттарда қолға алынып жатқан жұмыстардың нәтижесі жаман емес. Оны жыл сайын көгілдір отынға қол жеткізіп, қуаныштарымен бөлісіп жатқан тұрғындардың көңіл-күйінен аңғаруға болады. Бүгінде біраз облыстағы көптеген елді мекендерге газ құбырлары тартылып, үйлеріне кіргізіліп, тұрғындарды шат-шадыман етуде. Газ келіп, су тартылып, жолдар салынса талай адамның ауылды жерлерге тұрақтайтыны белгілі. Әсересе, жас отбасылар. Халықтың жағдайы келіскен жерде, кәсіпкерліктің өрістеп, жаңа жұмыс орындарының ашылатыны, жас мамандардың ауылға келіп, тіршілік тамырына қан жүгіртетіні рас.

Өзім Талдықорған қаласы, Жастар – 2 шағын ауданының тұрғынымын. Көгілдір отынның игілігін

көріп отырғанымызға биыл 3-ші жыл. Жасыратыны жоқ, газдың келуін отбасымызбен асыға күттік. Сол күнге жетіп, та-рихи сәттің куәсі болғанымыздағы қуанышымызды көрсетіңдер.

Көршілеріміз де тілектерінің орындалғанына мәз - мәйрам болып, бүгінде рахатын көруде. Газ кіргізілгенге дейін ағаш кесіп, көмір жағатынбыз. Жылына бірнеше тонна көмір жағылатын. Өрине, бұл қарапайым отбасы үшін айтарлықтай шығын.

Одан бөлек қақаған аязда әр күн сайын пеш күлін шығарып, оны далаға тасып, төгу де оңай шаруа емес. Оның үстіне көмір сапасы нашар болса, жылуы да аз. Мұндай жағдай берекені қашырады. Бүгінде соның бәрі көрген түс секілді. Қазір үй жылы. Бір жақсысы – жылуды қалауымызша ретке келтіріп отырамыз. Бұрын ай сайын газ - баллон сатып алып, әуре - сарсаңға түсетін едік. Ал қазір табиғи отынды қажетімізше жағып, алаңсыз өмір сүрудеміз. Осындай машақаттардан қолымызды босатып, халық игілігі үшін газ қосқан жандарға ризашылығымызды білдіреміз. Табиғи газ үйіміздегі жылулық пен жайлылықтың көзіне айналды.

Елімізде алдағы жылдары газ өндіру мен өңдеу көлемін ұлғайтып, тасымалдау жүйесін цифрландыруды мақсат етіп отыр.

Бұл тұрғындар үшін маңызды. Қалай десек те, газбен қамтуда тұтынушының сұранысын өтеу – халықтың өмір сүру сапасын жақсартудың кепілі болмақ.

Нұрбике БЕЙСЕМБАЕВА,
зейнеткер
Талдықорған қаласы



2022 ЖЫЛДЫҢ ЖАЗЫНДА ЕЛІМІЗ ЖАҢА БЕТБҰРЫС ЖАСАП, ЖЕТІСУ ЖЕКЕ ОБЛЫС БОЛЫП ҚАЙТА ҚҰРЫЛДЫ. БҰЛ УАҚЫТ КӨП ПЕ, АЗ БА? ҚАЛАЙ ДЕСЕК ТЕ 3 ЖЫЛ – БҮТІН БІР Өңірдің бағытын өзгерткен кезеңге айналды. Бүгінде біз сол 3 жылдың жемісін, әсіресе әлеуметтік саладағы серпیلیсті бағамдамақпыз.

ӘЛЕУМЕТТІҢ әлеуеті зор

Жеке облыс болып құрылған кезден бастап өңірде 15 әлеуметтік нысан іске қосылды. Нақты айтсақ, Алакөл, Сарқан, Панфилов және Қаратал аудандарындағы елді мекендерде мүгедектігі бар балаларға арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін 30-50 орынды 4 жаңа орталық ашылды. Бұл нысандардың ашылуы мүгедектігі бар балаларын өз қаражаты есебінен Алматы, Астана қалаларына барып емдететін атаналар үшін өте тиімді болды. Енді ерекше балалар оңалту шараларын ешқайда бармай-ақ тұрғылықты жерінде тегін ала алады. Сондай-ақ, елімізде алғашқылардың бірі болып, 2023 жылы 18 жасқа дейінгі мүгедек-тігі бар балалар үшін Алакөл көлінің жағасында 40 орынды «Жан-сая» жазғы сауықтыру лагері ашылып, өткен жылы 142 бала ата-анасымен бірге демалса, биыл 160 бала қамтылады деп күтілген. Ал болашақта Балқаш көлінің жағалауында да осындай лагерь ашу жоспарланған. Бұдан өзге, облысымызда алғаш рет Панфилов ауданы Жаркент қаласында «Мерей» балаларды оңалту орталығының базасында ерекше қажеттілігі бар балаларға арналған модульді «Иппотерпия» орталығы ашылды. 2023 және 2024 жылдары Панфилов, Сарқан, Алакөл, Кербұлақ, Қаратал аудандары мен Текелі қаласында «Жанұя» отбасын қолдау орталықтары бой көтерді. Биылғы жылы Ескелді, Көксу және Ақсу аудандарында ашылады деп жоспарланған. Ал

Сарби ӘЙТЕНОВА, «Jetisy»



Талдықорған қаласында «Жанұя» орталығы мемлекеттік әлеумет-тік тапсырыс шеңберінде қызмет атқаруда. Бұл орталықтар қызмет алушыларға экономикалық, заңгерлік, психологиялық, медициналық және әлеуметтік қызметтер ұсынады. Ал бой көтерген 15 әлеуметтік нысанның үшеуі Талдықорған қаласында ашылды. Атап айтсақ, тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедектігі бар адамдарға арналған жаңа заманауи құрылғылармен жаб-



дықталған «Асар» спорттық-оңалту орталығы; зейнеткерлік жастағы азаматтарға сапалы қызмет көрсету мақсатында ашылған «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» және «Қазақстан халқына» қорымен бірлескен аутизм және басқа да ақыл-ой кемістігі бар балаларға арналған орталық. Бұл мекемелерге жүгінетіндер әлеуметтік қызметтің барлық түрін алууда. Сонымен қатар, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 2025 жылы Талдықорған қаласында 150 орынды мүгедектігі бар адамдарға арналған оңалту құрылысы басталмақ. Құны 8,8 млрд. теңге болатын нысанды салу үшін конкурс құжаттары әзірленуде. Жоспарға сәйкес жаңа нысан 2026 жылдың соңына дейін аяқталып, іске қосылуы тиіс.

ОБЛЫС ҚҰРЫЛҒАН СӘТТЕН Өңірде 53 10 орынды 15 жаңа мектеп қолданысқа берілді



3 ЖЫЛ Ішінде бейімделген мектеп саны 69-дан 39-ға қысқарды

ЖАРКЕНТ қаласында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 1200 орындық мектеп ашылды



Өңірде үш жылда 270 әлеуметтік нысан жаңадан салынып, жөнделді. Нәтижесінде білім саласы нысандарының 41,2% жаңартылды



Құрылысы қарқынды, тұрғыны бақытты

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӨЗ АЛДЫНА ОБЛЫС БОЛЫП ЖЕКЕ ҚҰРЫЛҒАЛЫ ДА ҚҰРЫЛЫСТЫҢ ҚАР-ҚЫНЫ БІР СӘТ ТОҚТАҒАН ЖОҚ. ОБЛЫС-АУДАН ОРТАЛЫҒЫНАН БӨЛЕК, АЛЫС АУЫЛДАРДА ЗАМАНАУИ ҚЕШЕНДЕР БОЙ КӨТЕРІП, ТҮРЛІ НЫСАНДАР САЛЫНЫП, ЕҢСЕЛІ ҮЙЛЕР ТҮРҒЫН-ДАРҒА ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛІП КЕЛЕДІ.

Үй кезегін азайту мақсатында түрлі жоспар қолға алынып, шетінен орындалып жатыр. Осы орайда облыстық құрылыс басқармасынан кейінгі үш жылда өңіріміздегі құрылыс деңгейінің көрсеткіші жайлы ақпаратына сүйенсек, көңіл қуантарлық. Құрылыс басқармасына қарасты жоспарлау, жобалау, тұрғын үй нысандарының және инженерлік коммуникациялық желілерінің құрылыс бөлімінде бас маманы Маржан Дәулетқызы: «Облысымызда 2022-2024 жылдары 295 үй (4994 пәтер) берілді. Оның ішінде 218 үй бюджеттен, 55 үй коммерциялық тұрғын үй, 22 үй демеушілер есебінен салынса, 873 пәтер сатып алу бойынша жүзеге асты», – деді. Қиыр жайлап, шет қонған елді мекендерде де заманауи амбулатория, спорт кешені, мәдениет үйі бой көтеріп, халыққа қызмет етіп жатыр. Ал тұрғындар үйлі болып, жыл сайын үйсіздер саны азайып келеді. Тарқата жазсақ, 2022 жылы 280 пәтерлі 55 үй бюджет есебінен, ал 2023 жылы 1417 пәтерлі 42 үй бюджеттен бөлінген қаржыға, несие жүйесімен 1057 пәтерлі 24 үй, жалдамалы жүйе бойынша 360 пәтері бар 18 үй пайдалануға берілсе, бытыр бюджет арқылы 865 пәтері бар 122 үй, несиенен 498 пәтерлі 11 үй, жалдамалы жүйе арқылы 367 пәтерлі 111 үй салынып, халыққа кілті табысталды. Байқасаңыз, жыл санап құрылыстың қарқыны артқан және оған қойылатын талап-міндет өзгерген. Сапалы үймен қамтамасыз ету мақсатында көптеген міндет ойдағыдай жүзеге асып жатыр. Құрылыс басқармасындағы қызметкерлер талай нысанның жобасы әзірленіп, бекітіліп жатқанын айтты. Облыс болып өз алдына құрылған өңірдегі қала-ауылдардың да аумағы кеңіп, көзтартар үйлермен зәулім ғимараттар салынуда.

Қали АСҚАР, «Jetisy»



ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА ӘР АУЫЛДА ТАЗА СУ

2025 ЖЫЛДЫҢ СОҢЫНА ДЕЙІН 100% АУЫЛ ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН ТАЗА АУЫЗ СУМЕН ҚАМТЫЛАДЫ ҚАЗІРДІҢ ӨЗІНДЕ 694 200 ТҮРҒЫН ТАЗА АУЫЗ СУ ІШІП ОТЫР 2022-2024 ЖЫЛДАРЫ 420,5 КМ СУ ЖЕЛІСІ ЖАҢАРТЫЛДЫ

МЕДИЦИНАНЫҢ ЖАЙ-КҮЙІ

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНА ЖЫЛ



ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ҚҰРЫЛҒАН СӘТТЕН 81 ЕЛДІ МЕКЕН МЕДИЦИНАЛЫҚ-САНИТАРЛЫҚ АЛҒАШҚЫ КӨМЕКПЕН ҚАМТЫЛДЫ

Кербұлақ ауданының Сарыөзек ауылында 250 орынға арналған емхана, Көксу ауданы Ақшатаған, Еңбекшіқазақ ауылдарында, Ала-көл ауданы Қамысқала ауылында, Панфилов ауданы Шежін ауылында 4 фельдшерлік-акушерлік пункт, Ақсу ауданы Сағабүйен ауылында дәрігерлік амбулатория, Алтынарық ауылында медпункт салынды. 58 блок-модуль-ді кешен орнатылды.

«Ауылдағы денсаулық сақтауды жаңғырту» жобасы шеңберінде 15 нысанның құрылысы аяқталып, тағы 44-інің құрылысы жалғасуда. Сонымен бірге үш жыл ішінде 7 нысанға күр-делі жөндеу жүргізілсе, биыл тағы 7-еуі күрделі жөндеуден өткізіледі.

Биыл Талдықорғанда инвестор компания-ның қаржысына 200 орынды заманауи онкологиялық диспансердің құрылысы басталады.

Облыста медициналық кадрлар жетіспеу-шілігі мәселесін шешуге де ерекше көңіл бөлінуде. Облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес республикада алғашқы болып өңірдегі ауылдық жерге жұмысқа келген дәрігерлерге 10 млн. теңгеден, қалалық жерге 5 млн. теңгеден бір реттік көтермеақы беру жүйесі енгізілді.

Осы мақсатқа 2024 жылы жергілікті бюджеттен 495 млн. теңге бөлінді. Нәтижесінде былтыр көтермеақы 75 дәрігерге төленді, оның 24-і ауылдық жерде, 51-і қалалық жерде жұмыс істейді. Осындай шаралардың арқасында облыста кадр тапшылығы 202-ден 161-ге, яғни 20,3%-ға төмендеді.

Жетісу облысы жеті өзеннің сағасында орналас-қанымен жетістік бастауы

Жетісу облысы жеті өзеннің сағасында орналас-қанымен елді мекендерге су жеткізу, тұрғындарды ауызсумен қамтамасыз ету мәселесі бір кездері күн тәртібінде тұрғаны анық. Әрине, Алматы облысы құрамында тұрғанда бұл саладағы көрсеткішіміз республикада алдыңғы орында тұрғаны мәлім. Алайда облыс алғаш шаңырақ көтерген жылдары су шаруашылығы төңірегіндегі мәселелер жиі көтерілді. Жер-жерде ауызсуға деген қажеттіліктің салдарынан жұрттың өкпе-реніші айтылып жатты.

Осы бір түйткілден шығу үшін су шаруашылығы мен сумен жабдықтау құрылғыларын жаңғырту және таза ауызсу мәселесін шешу үшін ұтымды жобаларды қолға алу қарастырылды. Осыған орай, 2022 жылы 17 жобаны (жалпы құны 16,1 млрд. теңге) іске асыруға бюджеттен 7,7 млрд. теңге бөлініп, 264 шақырым желі салынып және қайта жаңартылды. Нәтижесінде сумен жабдықтау желілерінің тозуы 37,3 пайызға төмендеді. Сондай-ақ, облыстық бюджеттен 30 жобалау-металық құжаттаманы әзірлеуге 471,4 млн. теңге бөлінді. Жобалау жұмыс-тары 2023 жылы аяқталды. Сонымен қатар, 2021 жылдан бастап 21 елді мекенде жерасты су қорын бекіту жұмыстары жүргізіліп, өткен жылдары ел игілігіне берілді. Халықты таза ауызсумен қамтамасыз ету мақсатында 2023 жылы сумен жабдықтаудың 25 жобасын іске асыруға 6,4 млрд. теңге бөлінді. Сол жылдың қорытындысы бойынша орталықтандырылған сумен 6 қалалық, 319 ауылдық елді мекен, 7 елді мекен тасымал сумен қамтамасыз етілді. 2024 жылға республикалық бюджеттен жалпы сомасы 6,1 млрд. теңгеге 10 жоба қолдау тапты.

12 ауыспалы жоба үшін жергілікті бюджеттен 150 млн. теңге сомасында қаражат бөлуге бюджеттік өтінім берілді. Осының аясында Алакөл, Қаратал, Кербұлақ, Панфилов аудандарындағы бірқатар елді мекен – таза суға қол жеткізді. Облыста 358 елді мекеннің 13-і немесе 3,6 пайызы орта-лықтандырылған су бұрумен қамтылған, көріз желілерінің ұзындығы 620 шақырым. Ал аймақтағы көріз желілердің тозуы 58,1 пайызды құрап отыр. Көріздік тазарту құрылыстары 5

қалада және 2 аудан орталығында (Сарыөзек ауылы – консервация-лауда) бар. 5 ауылдық елді мекенде сүзу алаңы орналасқан. 2020 жылдан бастап Алакөл ауданында «Көріз жүйесінің құрылысы», көл жағалауында тәулігіне 6,5 мың м3 көріз тазарту құрылысы», жобасы іске асырылды. «Текелі қаласының көріз жүйелерін қайта жаңарту» және Қаратал ауданы Үштөбе қаласының тазарту ғимаратын қайта жаңарту бойынша, Ескелді ауданының Қарабұлақ ауылының көріз желілерін қайта жаңарту және салу, Алакөл ауданы Көктұма ауылының көріз жүйесін орнату жобалары аяқталды. 2024-2026 жылдары жалпы құны 33,2 млрд. теңге болатын 31 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарлануда, оның ішінде 7 суару жобасы бар. Облыста жаңа суармалы жер-лерді көбейту үшін ирригациялық желілер-ді қайта жаңарту мақсатында 35,6 млрд. теңгеге су шаруашылығының 11 объектісінің құрылысы жүргізілуде, оның ішінде 4-еуі аяқталды, қалған объектілер жыл соңына дейін пайдалануға берілетін болады. Нәтижесінде 5,3 мың гектар суармалы жер қосылып, 37,1 мың гектар жерді сумен қамтамасыз ету жақсарды. Жалпы облыстағы 358 елді мекеннің (қалалық ЕМ – 6, ауылдық ЕМ-352) 331 елді мекені орталықтандырылған сумен жабдықтауда жатады. Бүгінгі таңда оның 92,5 пайызы орындалды. Егер осыдан 2-3 жылдың алдындағы 40-50 пайыздық көрсеткішпен салыстырмалы түрде қарайтын болсақ, облыстағы су мәселесі оңтайлы шешілді деуге болады.

Қажет АНДАС, «Jetisy»

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНА ЖЫП

Бір ғана Жетісу жерінде мәдениет саласы бойынша ауыз толтырып айтарлықтай игілікті іс атқарылды.

Облыс құрылған 3 жылдың ішінде рухани шаралар ұйымдастырылып, сала бойынша бірқатар жаңа нысан пайдалануға берілді.

«Ауылмен – алтын бесігім» деп айшықтап, қазақтың қайнар көзі болған елді мекендердегі рухани ошақты жаңғырту, жаңа нысандар салу жүйелі жолға қойылды. Нәтижесінде, соңғы 3 жылда ауылдық жерлерде 12 мәдениет нысаны ашылды. Атап айтқанда, 4 Мәдениет үйі мен 8 клуб ел игілігіне берілді. Сондай-ақ, Үштөбе қаласында Қаратал аудандық тарихи - өлкетану музейі есігін айқара ашты.

Әулиелердің мекені саналған қасиетті Қаратал өңірінде есігін айқарған бұл музей ел көлемі бойынша бай мұраны қамтитын бір өңірдің тарихы мен құндылығын, дәстүрі мен мемлекеттің даму жолындағы белестерін көрсететін басты мекеменің бірі екенін де айта кеткен жөн.

Сан жылдан бері елдің мұңы мен жырына айналған Мәдениет үйлерінің тозып, қабырғалары жарылып тұрғанын көріп - біліп, орайы келгенде оның бәрін газет арқылы жазып та жүрдік.

Бір ғана Ғали Орманов пен Сайын Мұратбеков сынды қазақтың қос классигін туған

Дамыған мемлекеттердің жарқын болашаққа деген оң қадамы экономикалық-әлеуметтік тұрғыда жасалған жарқын ісіне ғана емес, елінің мәдениетіне, рухани болмысы мен ұлттық ұстынына, қоғам алдындағы бет - беделіне байланысты. Әсіресе, мәдениеті мен елдік мұратына тікелей қатысты. Бұл жағынан алғанда елімізде өскелең ұрпақты елжандылыққа баулып, патриоттық сезімін шыңдау, бабалардан жеткен бай мұраны көздің қарашығындай сақтаудың жолы мәуелі мәдениетке деген қамқорлыққа тікелей байланысты. Ал бұл орайда мәдениетімізді асқақтату тұрғысында лайықты жұмыс істеліп келеді.

ЕЛ МӘЙІНГІ - МӘДЕНИЕТ

Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ, «Jetisy»

Қоңыр ауылындағы Мәдениет үйінің қараусыз қалғанын «Атқораға айналған Мәдениет үйі» деген тақырыппен айшықтап едік.

Бұл өнер ошағынан бөлек, ауылды жерлердегі тозығы жеткен талай нысан көңіл қынжылтатын. Облыс құрылған 3 жылдың ішінде әр саланың тамырына қан жүрді десек, соның ішінде 7 ауылдық Мәдениет үйі күрделі жөндеуден өткенін айшықтағымыз келеді.

Ілияс Жансүгіров: «Өз елі өз ерлерін ескермесе, ел тегі қайдан алсын кемеңгерді» деп жырлағандай, ел үшін еселі еңбек еткен талант - тақсырлары да Жетісу жерінде лайықты дәріптеліп келеді. Мәселен, облыс құрылғалы бері тұғырлы тұлғалардың бейнесін мәңгілікке ұлт жадында қалдыру мақсатында

игілікті істер жасалды. Ұлт перзенттеріне ескерткіштер қойылды. Атап айтсақ, облыс орталығы Талдықорған қаласында ұлы Абай мен Халық суретшісі Әбілхан Қастеевке

ескерткіш, Халық әртісі Бикен Римованың және екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Нұрмолда Алдабергеновтің бюсті қойылды.

Облыс тарихында тұңғыш рет эстрадалық - симфониялық оркестр құрылды.

Кербұлақ ауданында Шоқан Уәлихановтың «Алтынмемел» мемориалды кешеніне күрделі жөндеу өтті.

Биылғы Мәдениет және өнер қызметкерлері күнінде Қазақстан Республикасы Президенті Қасым - Жомарт Тоқаев Бикен Римова атындағы драма театрына 50 жылдық мерейтойына орай академиялық мәртебе беруді ұсынды.

Міне, осындай игілікті істерден бөлек, облыс құрылғаннан бері мәдениет, архив саласының штат саны 200 бірлікке артып, 2300 адамнан асты, бюджеті 83%-ға өсті. Ал саланың инфрақұрылымын жаңарту 40%-ға жетті.

Айта кетерлігі, биыл 9 Мәдениет үйінің, 1 аудандық кітапхананың құрылысы жүргізіліп, 2 ауылдық Мәдениет үйлеріне күрделі жөндеу жүргізілуде.

ЖЫЛ СОҢЫНА ДЕЙІН КЕЛЕСІ АУЫЛДАРДА 1200 ОРЫНДЫ ЖАҢА МЕКТЕПТЕР ҚОЛДАНЫСҚА БЕРІЛЕДІ:

- АЛАКӨЛ АУДАНЫ ДОСТЫҚ АУЫЛЫНДА
- АҚСУ АУДАНЫ КӨЛТАБАН АУЫЛЫНДА
- ПАНФИЛОВ АУДАНЫ ТАЛДЫ АУЫЛЫНДА
- КЕРБҰЛАҚ АУДАНЫ КӨКСАЙ АУЫЛЫНДА



ОБЛЫСТАҒЫ ЖАҢА МЕКТЕП ҚҰРЫЛЫСТАРЫНА ЕЛ ПРЕЗИДЕНТІ ОҢ БАҒА БЕРДІ. ҮЛГІ РЕТІНДЕ ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ, ЫНТЫМАҚ АУЫЛЫНДАҒЫ №30 МЕКТЕП АТАЛДЫ

ОБЛЫСТА "ӘДЕП-ҚҰҚЫҚ ЖҰМЫСЫ ӨНІНДЕГІ МЕНТОР ЖОБАСЫ" ҚОЛҒА АЛЫНЫП, 9 БАҒЫТ БОЙЫНША 108 МЕНТОР ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ



БАСТЫ БАЙЛЫҚ - БІЛІМ

Кез келген ұлттың ең басты құндылығы – адам және оның жарқын болашағы мен бостандығы. Бұл еліміздің Ата Заңында да айшықты бедерленген. Бүгінгі таңда дамыған елдермен тереземіз тең болу үшін еркіндік пен елжандылықтан бөлек, еңбекқорлық пен білімді ұлт қатарында болу деген негізгі қажеттілік туындап тұр. Бұл орайда өскелең ұрпақты білім алып, тәрбиенің таза шырынымен қанып өсуі үшін барынша жағдай жасалған. Ал, білім саласында облыс құрылғалы бері жарқын істер қолға алынып, жаңа нысандар салынуда.

Аймақта соңғы жылдары әлеуметтік инфрақұрылымның жағдайы жақсарды. Мәселен, облыс құрылғаннан бері өңірде әлеуметтік инфрақұрылымдардың жай - күйі едәуір жақсартылып, әлеуметтік нысандарды жаңарту 52%-ға жетті. Осы орайда білім саласы бойынша 15 жаңа мектеп салынып, іске қосылды. Соның нәтижесінде бейімделген мектептер саны 69-дан 39-ға дейін қысқарды. Ал, биыл 1080 орынды 4 мектеп пайдалануға беріледі деп жоспарлануда.

Кейбір өңірлердегідей емес, жалпы Жетісу жерінде бүгінгі таңда ұшауысымды мектеп жоқ. Қуанарлығы сол, заманауи материалдық - техникалық базамен жабдықталған жаңа мектеп салу кезеңі - кезеңімен жүзеге асырылуда. Бұл орайда облыс құрылғалы бері 5310 орынды 15 мектеп жаңадан салынды. Атап айтқанда, Ақсу, Сарқан, Қаратал аудандары мен Талдықорған қаласында 2 мектептен, Көксу ауданында 3 мектеп, Панфилов ауданында 4 мектеп тұрғызылды. Оның ішінде Жаркент қаласындағы «Жайлы мектеп» ұлттық жобасымен салынған 1200 орынды мектеп те бар.

Жыл басында білім саласы туралы атап өткеніміздей, биыл 13 білім беру нысанының құрылысы жүргізіледі деп көзделген. Жыл соңына дейін Алакөл ауданы Достық ауылында «Жайлы мектеп» жобасымен, сол сияқты Ақсу ауданы Көлтабан ауылында, Панфилов ауданы Лесновка ауылында, Кербұлақ ауданы Көксай ауылында жалпы саны 1080 орынды 4 жаңа мектеп іске қосылады.

Айта кетерлігі, өңірлердегі жаңа мектеп құрылысына ел Президенті оң баға беріп, Талдықорғандағы Ынтымақ ауылындағы мектепті үлгі ретінде атап көрсеткен болатын.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі берген мәліметке сүйенсек, өңірде 3 жылда 270 әлеуметтік нысан жаңадан салынып, жөндеген.

Нәтижесінде білім саласы нысандарын жаңарту 41,2%-ға жеткен.

Сонымен бірге, білім саласының материалдық - техникалық базасын жақсартумен қатар оқушылардың тәрбиесін де ерекше мән беріліп отыр. Облыс әкімінің баспасымен өңірде «Әдеп - құқық жұмысы жөніндегі ментор» жобасы қолға алынып, бүгінде мектептерде 108 ментор жұмыс істейді. Олар балалар мен жасөспірімдердің құқықтары мен міндеттері, нашақорлық пен лудоманияның, буллинг пен кибербуллингтің, саламатты өмір салты, мамандық таңдау және кәсіптік бағдарлау, креативті ойлау, қаржылық сауаттылық сияқты 9 бағытта тәрибе жұмысын жүргізіп отыр. Соның нәтижесінде 2023 - 2024 оқу жылының қорытындысы бойынша, облыстық полиция департаментінің дерегіне сәйкес Панфилов ауданында жасөспірімдер қылмысы 4,4 есеге, Талдықорған қаласы аумағында 4,3 есеге дейін төмендеген.

Айта кетерлігі, биыл аймақ бойынша 131 675 оқушы оқу жылын тамамдады. Оны ішінде, 11-сыныпты 7 866 түлек аяқтады. Жалпы өңір бойынша мектеп бітірген түлектің 472-сі «Алтын белгі» төсбелгісіне, 711-і Үздік аттестатқа үміткер.

ӨНЕРІ өрісті өзір

Құндылық – әр адам баласын өткенге өнегемен қарап, ертеңге сеніммен көз тастауға жетелейтін асыл дүние. Ал осы құндылықтың алдына «ұлттық» деген сөзді қоссаң, бүкіл тарихың мен шежірең, еліңнің асыл мұраты мен мәдениеті, руханияты, бабалардың асқақ ойлары санаңда жаңғырады. Бұл орайда Қазақстанның халық жазушысы Бексұлтан Нұржекеұлының «Өзендермен өрнектелген өлке» кітабына арқау болған Жетісу жерінде біз атаған құндылықтың қайнары болған мәдениет саласында көптеген игілікті іс атқарылуда.

Алдымен қазақ халқының «өткенді танымай, болашақты бағдарлау қиын», – деп тәмсілдегеніндей, тарихымызды танып, бабалар ізіне құрметпен қарамай мәдениет пен әдебиетіміз жайлы лайықты толғана алмаймыз. Өскелең ұрпақты білім мен тәрбиенің таза шырынымен өсіріп, олардың бойына ұлттық құндылықтың дәнегін еге алмаймыз. Шүкір, Жетісу жерінде абыздарды ардақтап, тарлан тұлғаларды дәріптеу, олардың өмірінен өнеге тарату лайықты деңгейде ұйымдастырылып келеді.

Қазақ әдебиетінің көрнекті жазушысы, детектив жанрының негізін қалаған Кемел Тоқаевтың ғасыр тойы өзі туған қасиетті өлкеде ерекше аталып өтті. Ұлан - асыр той болып, қазақша күрестен құрлықтық жарыс өткен бұл тойда детектив жанры бойынша әдеби бәйге ұйымдастырылды. Қаламгердің өмірі мен шығармашылығы кеңінен насихатталды. Сол секілді қазақ кино және театр өнерінің жұлдызы болған Халық әртісі Бикен Римованың 100 жылдық мерейтойы халықаралық дәрежеде тойланып, «BIKEN» халықаралық театрлар фестивалі бастау алды. Сол уақытта театрда ғажайып актрисаның бюсті қойылды.

Ел тұлғаларына ескерткіш қою, олардың мұрасын жас ұрпаққа таныту жолында, мәдениетіміздің мәртебесін көтеру бағытында жасалған істер қатарына ұлы Абайдың ескерткішін Би апа театрының алдына орнату бар. Бұдан рух асқақтады, мерей өсті. Сол секілді Халық суретшісі Әбілхан Қастеевке облыс орталығында ескерткіш орнатылса, Жаркентте бюст қойылды. Қылқаламның шебері болған дарын иесінің 120 жылдық мерейтойы ел көлемінде аталып өтілді. Екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Нұрмолда Алдабергеновтің бюсті қойылса, күні кеше классик Әнуар Әлімжановтың 95 жылдық мерейтойы ел көлемінде аталып өтілді.

Міне, осындай бабалардың рухын асқақтатып, өмірінен өнеге таратқан рухани шаралар, игілікті істер өз дәрежесінде атқарылып келеді. Мәдени нысандар орнатылып, тарихи жерлер жаңғыруда. Облыс құрылғалы мәуелі мәдениетімізде дәл осындай рухани жұмыс жасалғанына марқайып, өнері өрісті өңірдің келер кезеңі де жақсылыққа толы болады деп сенемін.

Қайрат АБЫЛҚАСЫМОВ, облыстық халық шығармашылығы орталығы басшысының орынбасары.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ ЖЕТІСУДЫҢ МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНДАҒЫ ЖЕТІСТІКТЕРІ

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ҚҰРЫЛҒАННАН БЕРІ ОБЛЫСТА

АБАЙ

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ ЖЕТІСУДЫҢ МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНДАҒЫ ЖЕТІСТІКТЕРІ

СОҢҒЫ 3 ЖЫЛДА АУЫЛДЫҚ ЖЕРЛЕРДЕ

мәдениет үйі

клуб

Талдықорған қаласындағы ескерткіш

ауылдық мәдениет үйі күрделі жөндеуден өтті

Аудан тынысы



21 мамыр Мәдениет және өнер қызметкерлері күні.

Ауданымыздағы барлық шаралардың сенін кіргізіп, керемет өтуіне септігін тигізіп жүрген аудан өнерпаздары осы бір мерекелерін зор салтанатпен атап өтті.

Сахна мен өнердің дамуына үлес қосып жүрген бірқатар өнер иелері марапатқа ие болып, еңбектері еленді.

Шара соңында көңілді мерекелік концерт өтіп, шексіз ықыласқа толы кеш болды.



Жыр Құлагері атанған жерлесіміз, Қазақтың әйгілі үш арысының бірі Ілияс Жансүгіровтің туған күніне орай, 14 мамыр күні аудандық Ілияс қорына жаңадан төрайым болған Дәулетбекова Күлайхан Тұрсынбекқызының ұйымдастыруымен Ақсу ауылындағы Ілияс атамның атындағы тарихи Һлкетану мұжайына саяхат жасап қайттық.

Мұражай қызметкерлері де осы күнге арнайы дайындалып отыр екен, қонақтарды құрметпен қарсы алып, Мұражай экспонаттарымен таныстырды.

Ербол СЫМХАНОВ.

Жетісу облысының 3 жылдығына орай, Ақсу ауданы, І.Жансүгіров ауылында жаңадан салынған 24 пәтерлі тұрғын үйдің кілттері кезекте тұрған, әлеуметтік осал топтағы азаматтарға табысталды.

Жаңа қоныс иелеріне тұрғын үй кілттерін аудан әкімі Берік Тынышбайұлы табыстады.

Ардагерлер кеңесінің төрағасы Аманкелді Айтбаев ақ батасын беріп, игі тілек білдірді.

Жылдар бойы үй кезегінде тұрып, өз баспанасына қол жеткізу – әр отбасы үшін баға жетпес бақыт.



1 маусым - Халықаралық балаларды қорғау күні. Иә, балалар – ел ертеңі, ұлттың болашағы. Сондықтан да олардың алаңсыз балалық шағын қамтамасыз етіп, дені сау, білімді, тәрбиелі болып өсуіне жағдай жасау – баршамыздың басты міндетіміз.

Балалар үшін ең қуанышты күн аудан орталығында зор салтанатпен аталып өтті.

Демеушілер арқылы балаларға сыйлықтар таратылып, көңілді ойындар ойнатылды.



Жетісу облысы құрылғаннан кейін «Жетісу облысының мемлекеттік архиві» КММ Ақсу филиалының директоры Мейрамбекова Гүлжан Мейрамбекқызы бастаған облысымыздың архившілері жаңадан құрылған Ұлытау облысына барып жоғары деңгейде өткен V Республикалық «Жас архившілер» байқауында Бас жүлдемен оралған. Осы сайыста «Жетісу жұлдыздары» командасының таныстыруы бүгінгі тақырыпқа дәл келіп тұр екен. Себебі таныстыруды жазған біздің Ақсу өңірі газетінің жауапты хатшысы, ақын Ербол Сымханов. Ендеше Жетісу суреттерінің екінші нұсқасын оқып көріңіздір.

Жетісу сереттері 2



Жетісуды «Жетісу суреттері» атты өлеңімен жерлесіміз Ілияс Жансүгіровтен артық суреттеген ақын жоқ шығар. Ілияс атамыздан кейін бүгін ізбасары мен суреттеп көрейін.

Туған жерім Ақсуым,
Өнер қонған тас түйін.
Алаш қайраткерлері,
Бері осында жақсының.
Төсін емген аспанның,
Гималайдан асқарлым.
Жыр дүлділі – Ілияс,
Ақыныммен мақтандым.

Алакөлім, Ақшиім,
Жігер қонған тас түйін.
Татулық пен бірліктің,
Тік ұстаған ақ туын.
Еліме жау батпаған,
Ел намысын сақтаған.
Қаракерей Қабанбай –
Батырыммен мақтанам.
Деректері біздердің,
Мұрағатта сақталған

Ескелдім бар бас биім,
Ақыл қонған тас түйін.
Іштен шыққан жау болса,
Басатын тез аптығын.
Татулыққа баптаған,
Ел сенімін ақтаған.
Ескелді би, данышпан,
Бағамызбен мақтанам.

Қараталым бақ бүгін,
Бақыт қонған тас түйін
Туған жері тамаша,
Елдегі көшбасшының.
Халық қолдап жақтаған,
Елді алға бастаған.
Қасым – Жомарт Тоқаев,
Ағамызбен мақтанам.
Еңбектері біздердің,
Мұрағатта сақталған.

Кербұлақ көзі шахтының,
Қойнауы бай тас түйін.
Алтын, күміс шығады,
Қопарсаңыз тас түбін.
Кенге толы шахтадан,
Бар байлықты тапты адам.
Қорғасын, мыс, мырышқа,
Байлығымен мақтанам.

Дархан далам – Көксу,
Еңбек сүйгіш тас түйін.
Қамбасына жинаған,
Ағыл – тегіл астығын.
Жерді күтіп, баптаған,

Байлығын жай шашпаған.
Кең жазира даламның,
Жайлығымен мақтанам.
Бар байлығы біздердің,
Мұрағатта сақталған.

Панфиловым, Басшиім,
Ерлік қонған тас түйін.
Генерал – майор Панфилов,
Өткізген өлке жастығын.
Отанымды таптаған,
Жаудың бетін жасқаған.
Батырлардың батырын,
Танығандармен мақтанам.

Сарқантым шаттығым,
Дарын қонған тас түйін.
Жер төресі сақтаған,
Ата – баба дәстүрін.
Күресуден қашпаған,
Жығылып жерде жатпаған.
Өбілсейіт, Аманжол,
Палуандармен мақтанам.
Ерліктері біздердің,
Мұрағатта сақталған.

Талдықорған – Текелім,
Жырға тұнған мекенім.
Жетісуым жайлаған,
Алатаудың етегін.
Ел біледі Жетісу –
Жер жәннаты екенін
Жерұйығым тұрғанда,
Қызық емес шет елің

Жетісуым жыр алабы,
Тасын тартсаң сыр ағады
Бар тарихтың куәгері,
Жетісудың мұрағаты
Жерұйықтың ұл – қыздары,
Шеттерінен жұлдыз бері
Бүгін міне алдырды,
«Жетісудың жұлдыздары»

Мұндай сәтті ұмытар кім?
Кім кесіпті үміт алдын
Басқан да бар баспағанда,
Топырағын Ұлытаудың.
Мұндай сәтті аңсамас кім?
Бүгін сөйлеп шаршамаспын.
Ұлт ұясы – Ұлытауым

Ата жұрты алты алаштың.
Ұлытауым бақ тігілген,
Татулықты нақты білген,
Еліміздің барлық ханын,
Хан көтерген ақ киізбен
Еліміздің ұлт ұясы,
Ата – баба дәстүрімен,
Жетісудың ақ сөлемін,
Жеткіземін төтті жырмен.

СПОРТ. СПОРТ. СПОРТ

30 СПОРТ нысан салынды

Айдар ҚАЛИЕВ,
«Jetisý»



Қазір қалаға ғана емес, ауылға да барып қалаған спорт түрімен айналысуыңызға болады. Облыс құрылғалы әр өңірде 30 спорт нысаны салынды. Атап айтқанда 2022 - 2024 жылдар аралығында елді мекендерде 3 дене шынықтыру - сауықтыру кешені, 7 спорт кешені, 2 күрес залы, 10 блок-модульді спорт кешені, 2 футбол манежі, 2 ангар үлгісіндегі спорт кешені, мұз аренасы, стадион, спортшыларға арналған тұрғын үй, үстел теннисі, волейбол орталығы салынды.

Көксу, Сарқан аудандары мен Талдықорған қаласындағы стадиондарға күрделі жөндеу жүргізілді. Текелі қаласында өткен жылы ашылған дене шынықтыру - сауықтыру кешені қазіргі кезде жемісті жұмыс істеп тұр, мұндай кешен тіпті облыс орталығында жоқ. Алакөл ауданы Лепсі ауылында 160 орынды дене шынықтыру - сауықтыру орны мен жатақхананың құрылысы жүргізілуде. Қабанбай ауылына 80 орынды спорттық кешен тұрғызылды.

Талдықорғанда көркем гимнастикаға арналған залдың құрылысы басталды. Биыл Қаратал ауданы Көлпе ауылында инвестор есебінен блокты - модульді үстел теннисі кешені салына бастады. Сонымен қатар Қаратал ауданындағы Алмалы, Кербұлақ ауданы Қарашоқы және Сарыбастау, Көксу ауданындағы Талапты ауылында блокты - модульді спорт кешендерін салу жоспарлануда.

Облыста 3 спорттық нысанды салуға жергілікті бюджеттен қаржы бөлінді.

2022 жылдан бері бокс және дзюдо бойынша олимпиада резервінің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектептері, олимпиадалық, олимпиадалық емес спорт түрлерінен жоғары спорт шеберлігі мектептері, волейбол, хоккей ұлттық спорт түрлерінен клубтар ашылды.

Қысқы спорт түрлерін дамыту мақсатында 2024 жылдың басынан Талдықорған қаласының №1 олимпиадалық резервтегі мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектебінде керлинг, шорт трек және шайбалы хоккей бойынша бөлімшелер спортшылар игілігіне берілді. Сонымен қатар сәуір айында Талдықорған қаласы №1 ОРМБЖМ-сында Ескелді және Көксу ауданындағы спорт мектептерінде шайбалы хоккей спорт түрінен бөлімшелер ашылды. Аймақ басшысының тапсырмасы бойынша өңірде алғаш рет аула және мектеп командалары арасында футбол, волейбол және баскетболдан облыстық турнир өтеді.

Ауыл спортын дамыту мақсатында осындай игі шаралар жиі ұйымдастырылса, қарадомалақ балалар мен қаракез қыздардың арасынан ел тарихында есімі қалатын тарланбоздар шығары анық.

АҚСУ Аудандық Аумақтық Сайлау Комиссиясының Қаулысы

Ақсу ауданы, Жаңалық, Жансүгіров, Көшкентал және Ойтоған ауылдық округі әкімдерінің сайлауын тағайындау және сайлауды әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың Күнтізбелік жоспарын бекіту туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 113-1 бабына сәйкес, Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Ақсу ауданының Жаңалық, Жансүгіров, Көшкентал және Ойтоған ауылдық округтері әкімдерінің сайлауы 2025 жылдың 13 шілдеге тағайындалсын.
- Ақсу ауданының Жаңалық, Жансүгіров, Көшкентал және Ойтоған ауылдық округтері әкімдерінің сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың қоса беріліп отырған күнтізбелік жоспары бекітілсін.
- Осы Қаулы Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясының интернет-парақшасына және аудандық «Ақсу өңірі» газетінде жариялансын.
- Осы Қаулының орындалуын бақылау аудандық аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы И.Жұмагелдиеваға жүктелсін.

Төраға
Хатшы

С. ЖҰМАБЕКОВ
И. ЖҰМАГЕЛДИЕВА

АҚСУ Аудандық Аумақтық Сайлау Комиссиясы Комиссияның құрамын және жұмыс уақытын жариялайды

Сайлау комиссиясының жұмыс уақыты:
сағат: 9.00-18.30. Түскі үзіліс уақыты – сағат: 13.00-14.30.

Орталығы: Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, 5Б, «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ ғимараты тел. 8 (72832) 29102.
Комиссия төрағасы – Жұмабеков Сакен Сейпылғазыұлы
Комиссия төрағасының орынбасары – Баймади Олжас Тәңірбергенұлы
Комиссия хатшысы – Жұмагелдиева Индира Жұмагелдықызы
Комиссия мүшелері: Шарипова Зейнегүл Исатайқызы, Оразғалиева Сая Адбиқызы, Мұсабаланов Ғабит Ахметқожаұлы, Карибаева Динара Саятқызы.

АҚСУ Аудандық Аумақтық Сайлау Комиссиясының Қаулысы

Ақсу ауданы Жаңалық, Жансүгіров, Көшкентал және Ойтоған ауылдық округтерінің әкімдерін сайлау бойынша округін құру туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 14-бабының 6) тармақшасына, 21-бабының 4-тармағына, 22-бабына сәйкес Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Ақсу ауданының Жаңалық ауылдық округінің әкімін сайлау бойынша сайлау округі құрылсын:
 - Жаңалық ауылдық округі әкімінің сайлауы – Жаңалық сайлау округі Жаңалық ауылдық округі шекараларында.
 - Ақсу ауданының Жансүгіров ауылдық округінің әкімін сайлау бойынша сайлау округі құрылсын:
 - Жансүгіров ауылдық округі әкімінің сайлауы – Жансүгіров сайлау округі Жансүгіров ауылдық округі шекараларында.
 - Ақсу ауданының Көшкентал ауылдық округінің әкімін сайлау бойынша сайлау округі құрылсын:
 - Көшкентал ауылдық округі әкімінің сайлауы – Көшкентал сайлау округі Көшкентал ауылдық округі шекараларында.
 - Ақсу ауданының Ойтоған ауылдық округінің әкімін сайлау бойынша сайлау округі құрылсын:
 - Ойтоған ауылдық округі әкімінің сайлауы – Ойтоған сайлау округі Ойтоған ауылдық округі шекараларында.
 - Сайлау округтерінің тізімі, олардың шекаралары мен аумақтық сайлау комиссиясының орналасқан жері көрсетіле отырып, Ақсу аудандық сайлау комиссиясының интернет- парақшасында және бұқаралық ақпарат құралдарына жариялансын.
 - Осы қаулының орындалуын бақылау аудандық аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы И.Жұмагелдиеваға жүктелсін.

Төрағасы
Хатшы

С.ЖҰМАБЕКОВ
И.ЖҰМАГЕЛДИЕВА

Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясының
2025 жылғы 4 маусымдағы №28 қаулысымен бекітілді

2025 жылғы 13 шілдеге тағайындалған Жетісу облысы Ақсу ауданының Жаңалық, Жансүгіров, Көшкентал және Ойтоған ауылдық округтері әкімдерінің сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспары

1. Жаңалық, Жансүгіров, Көшкентал және Ойтоған ауылдық округтері әкімдерінің сайлауын тағайындау Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясы 2025 жылғы 4 маусым (113-1-б. 2-т.)
2. Сайлау округтерінің тізімін, олардың шекаралары мен аудандық сайлау комиссиясының орналасқан жерін көрсете отырып, тиісті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясы. Сайлау тағайындалғаннан кейін он күн мерзімнен кешіктірмей, 2025 жылғы 14 маусымнан кешіктірмей (22-б.)
3. Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының құрамын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясы. Сайлау тағайындалғаннан кейін он күн мерзімнен кешіктірмей, 2025 жылғы 14 маусымнан кешіктірмей (13-б. 4-т.)
4. Учаскелік сайлау комиссияларының құрамын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясы. Сайлау тағайындалғаннан кейін он бес күннен кешіктірмей, 2025 жылғы 19 маусымнан кешіктірмей (17-б. 2-т.)
5. Сайлау учаскелерінің шекаралары туралы хабарды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау Аудан әкімі. Сайлау тағайындалғаннан кейін он бес күндік мерзімнен, 2025 жылғы 19 маусымнан кешіктірмей (23-б. 5-т.)
6. Әкім болуға кандидатты ұсыну Белгіленген тәртіппен тіркелген саяси партиялар және өзін-өзі ұсыну тәртібімен азаматтар. Егер сайлауды тағайындау кезінде өзгеше белгіленбесе, сайлау тағайындалған күннен кейінгі күннен басталады және сайлау өткізілетін күнге жиырма бес күн қалғанда жергілікті уақытпен сағат он сегізде аяқталады. 2025 жылғы 5 маусымнан басталады және 2025 жылғы 17 маусымда жергілікті уақыт бойынша сағат 18-00-де аяқталады (113-3-б. 1-т., 5-т.)
7. Әкім болуға кандидаттардың Қазақстан Республикасының Конституциясында, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында (бұдан әрі – сайлау туралы Конституциялық заң), «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабында және мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамада қойылатын талаптарға сәйкестігін анықтау ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті. Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясы (113-2-б.)
8. Әкім болуға кандидаттардың сенім білдірген адамдарын тіркеу және оларға тиісті куәліктер беру Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясы. Әкім болуға кандидаттың Қазақстан Республикасының Конституциясында және Сайлау туралы Конституциялық заңда көзделген талаптарға сәйкестігі анықталған күннен бастап (14-б. 8-1) т., 31-б)
9. Әкім болуға кандидаттарға, өзін-өзі ұсыну тәртібімен ұсынылған, қолдап қол жинау үшін қол қою парақтарын беру Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясы. Кандидаттың Қазақстан Республикасының Конституциясында және Конституциялық заңында, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабында және мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамада көзделген талаптарға сәйкестігін тексергеннен кейін үш күн ішінде (113-4-б.)
10. Әкім болуға кандидаттарды қолдау үшін жиналған қолдардың дұрыстығын тексеру және тиісті хаттаманы рәсімдеу Құжаттандыру және паспорттар мен жеке куәліктер беру жөніндегі органның қызметінің қызметкерлерін тарта отырып Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясы. Тиісті сайлау комиссияларына өзін-өзі ұсыну тәртібімен ұсынылған азаматтар дан қол қою парақтарын тапсырғаннан кейін үш күн мерзімде. (113-4-б. 8-т.)
11. Жергілікті атқарушы органдардың шотына әкім болуға кандидаттардың республикалық бюджет туралы заңда белгіленетін және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын ең төменгі жалақының бір еселенген мөлшерінде сайлау жарнасын енгізу. Әкім болуға кандидаттар, саяси партиялар (әрбір ұсынылған кандидат үшін). Кандидатты тіркегенге дейін (113-5-б. 2-т.)
12. Тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік кіріс органдарына ұсыну мерзімі басталған айдың бірінші күніне активтер мен міндеттемелер туралы декларацияларды ұсыну (2025 жылғы 1 маусымға) Кандидат пен оның жұбайы (зайыбы) кандидатты тіркегенге дейін (113-5-б. 3-т.)

13. Кандидат және оның жұбайының (зайыбының) декларациялаған активтер мен міндеттемелер туралы мәліметтердің дұрыстығын тексеру Мемлекеттік кіріс органдары Кандидат тіркелген күннен бастап бес күн ішінде (113-5-б. 3-т.)
14. Әкім болуға кандидаттарды тіркеу және оларға тиісті куәліктер беру Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясы. Барлық қажетті құжаттарды алғаннан кейін басталады және сайлау күніне жиырма күн қалғанда жергілікті уақытпен сағат 18-00 де аяқталады 2025 жылғы 5 маусымда басталады және 2025 жылғы 22 маусымда жергілікті уақытпен сағат 18.00-де аяқталады (113-5-б.)
15. Әкім болуға кандидатты тіркеу туралы хабарламаны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясы. Кандидатты тіркегеннен кейін бесінші күннен кешіктірмей (113-5-б. 9-т.)
16. Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу және оларды жаратқандыру Ақсу ауданының жергілікті атқарушы органдары және Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Үгіт басталғанға дейін (28-б. 6-т.)
17. Сайлау алдындағы үгітті жүргізу Кандидатты тіркеу мерзімі аяқталған сәттен басталады және сайлау болатын күннің алдындағы күнгі жергілікті уақыт бойынша нөл сағатта аяқталады. 2025 жылдың 22 маусымда жергілікті уақыт бойынша сағат 18.00-ден кейін басталып және 2025 жылдың 12 шілдеде жергілікті уақыт бойынша нөл сағатта аяқталады (27-б. 2-т.)
18. Әкім болуға кандидаттарға сайлаушылармен кездесу үшін үй-жайлар беру және бөлінген үй-жайларда кандидаттардың және олардың сенім білдірген адамдарының сайлаушылармен кездесу кестесін жасау және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау Ақсу ауданының жергілікті атқарушы орган және Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясы. Сайлау алдындағы үгітті жүргізу кезеңінде (28-б. 4-т.)
19. Әрбір сайлау учаскесі бойынша әкім қол қойған сайлаушылардың тізімдерін сайлау комиссияларына акт бойынша ұсыну Аудан әкімі. Дауыс беру басталардан жиырма күн бұрын, 2025 жылғы 23 маусымына дейін (24-б. 5-т.)
20. Сайлау учаскелері бойынша сайлаушылардың тізімдерін танысу үшін сайлаушыларға ұсыну Учаскелік сайлау комиссиялары Дауыс беретін күнге он бес күн қалғанда, 2025 жылғы 29 маусымнан бастап (26-б. 1-т.)
21. Сайлаушыларды дауыс беру уақыты мен орны туралы хабардар ету Учаскелік сайлау комиссиялары Дауыс беру өткізілетін күнге дейінгі он күннен кешіктірмей, 2025 жылғы 3 шілдеден кешіктірмей (18-б. 5- тт., 38-б. 2-т.)
22. Дауыс беруге арналған сайлау бюллетеньдерін учаскелік сайлау комиссияларына жеткізу Ақсу аудандық сайлау комиссиясы. Сайлауға үш күннен ерте емес және кемінде бір күн қалғанда, 2025 жылғы 10 шілдеден ерте емес және 12 шілдесінен кешіктірмей (37-б. 3-т.)
23. Дауыс беруге арналған сайлау учаскелерін ашу және тиісті хаттама жасау Учаскелік сайлау комиссиялары Дауыс берудің басталуына бір сағат қалғанда Егер дауыс беруді бастаудың басқа уақыты белгіленбесе, 2025 жылғы 13 шілде жергілікті уақыт бойынша сағат 06:00-де (40-б. 1-т.)
24. Дауыс беруді өткізу Учаскелік сайлау комиссиялары 2025 жылғы 13 шілдеде жергілікті уақыт бойынша сағат 07:00-ден 20:00-ге дейін (38-б. 1-т.)
25. Дауыстарды санау және сайлау учаскесінде тиісті әкімдер сайлауы бойынша дауыс беру нәтижелері туралы хаттамалар жасау Учаскелік сайлау комиссиялары Жергілікті уақыт бойынша сағат 20:00-де басталады (18-б. 8 тт., 43-б.)
26. Дауыс беру нәтижелері туралы хаттаманың көшірмесін сайлау учаскесінің үй-жайында жалпы жұрттың танысуы үшін арнайы белгіленген орынға ілу Учаскелік сайлау комиссиялары Хаттамаларға қол қойылғаннан кейін – дереу (43-б. 8-т.)
27. Сайлау учаскелерінде дауыс беру нәтижелері туралы хаттамаларды аудандық сайлау комиссиясына ұсыну Учаскелік сайлау комиссиялары Хаттамаға қол қойылғаннан кейін – дереу (113-8-б. 1-т.)
28. Әкім сайлауының қорытындыларын анықтау Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Сайлаудан кейін үш күн мерзімнен кешіктірмей 2025 жылғы 16 шілдеден кешіктірмей (113-10 б.)

29. Әкімді сайлау қорытындылары туралы хабарды жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Сайлау өткізілген күннен бастап жеті күннен кешіктірмей. 2025 жылғы 20 шілдесінен кешіктірмей (44-б.)
30. Сайланған әкімді тіркеу, тиісті куәліктер беру Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Сайлау өткізілген күннен бастап жеті күн мерзімде Сайланған әкімдерден жеті күн мерзім ішінде Конституцияға және сайлау туралы Конституциялық заңға сәйкес әкім мәртебесімен сыйыспайтын міндеттерді өздерінен алып тастау туралы жазбаша өтініш алғаннан кейін. 2025 жылғы 20 шілдесінен кешіктірмей (45-б., 46-б. 3-т, 2)т., 1-т. 113-11-б.)

ЕСКЕРТПЕ: Күнтізбелік жоспардың мәтінінде «Қазақстан Республикасындағы сайлау тура-лы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының нормаларына сілтемелер берілді.

АҚСУ АУДАНДЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ, ӘКІМ САЙЛАУЫ ТАҒАЙЫНДАЛҒАН АҚСУ АУДАНЫНЫҢ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ТІЗІМІН ЖАРИЯЛАЙДЫ

(22 бап)

№	Ауылдық округтің атауы	Ауылдық округ шекаралары	Аумақтық сайлау комиссиясының орналасқан жері
1	Жаңалық ауылдық округі	Жаңалық ауылдық округінің әкімшілік шека-раларында	Жансугуров ауылы, Желтоқсан көшесі 5В, тел. 8 72832 29102. Ақсу ауданының «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ ғимараты
2	Жансүгіров ауылдық округі	Жансүгіров ауылдық округінің әкімшілік шека-раларында	Жансугуров ауылы, Желтоқсан көшесі 5В, тел. 8 72832 29102. Ақсу ауданының «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ ғимараты
3	Көшкентал ауылдық округі	Көшкентал ауылдық округінің әкімшілік шека-раларында	Жансугуров ауылы, Желтоқсан көшесі 5В, тел. 8 72832 29102. Ақсу ауданының «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ ғимараты
4	Ойтоған ауылдық округі	Ойтоған ауылдық округінің әкімшілік шека-раларында	Жансугуров ауылы, Желтоқсан көшесі 5В, тел. 8 72832 29102. Ақсу ауданының «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ ғимараты

АҚСУ АУДАНЫНЫҢ УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ШЕКАРАЛАРЫ

№1 сайлау учаскесі.

Орталығы: Жансүгіров ауылы, О.Жұмашев көшесі №29, «Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі» ММ «Есмұрат Сиқымов атындағы орта мектебі, мектеп жанындағы интернатымен» КММ.
Шекарасы: Жансүгіров ауылы, көшелері: Махмұтов №3-тен 19-ға дейін, Уалиханов №3-тен 22-ге дейін, Сәтпаев №1-ден 136-ға дейін, Тәуелсіздік №1-ден 186-ға дейін, Сиқымов №1-ден 101-ге дейін, Өліпбеков №2-ден 8-ге дейін, Жидебаев №1-ден 25-ке дейін (тақ жағы), №2-ден 54-ге дейін (жұп жағы), Шоңай батыр №38-ден 207-ге дейін, Айтжанов №4-тен 20-ға дейін, Сақалбаев №1-ден 11-ге дейін, Еркенов №1-ден 45-ке дейін, Жұмашев №42-ден 128-ге дейін.

№2 сайлау учаскесі.

Орталығы: Жансүгіров ауылы, Ғани Мұратбаев көшесі №1, «Ақсу ауданының мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» ММ «Молықбай Байсақұлы атындағы мәдениет үйі» МКҚК.
Шекарасы: Жансүгіров ауылы, көшелері: Нұрбопа №1-ден 79-ға дейін, Қалилаханов №2-ден 85-ке дейін, Өуезов №1-ден 54-ке дейін, Қ. Мұқашев №2-ден 12-ге дейін, Еркінбеков №2-ден 37-ге дейін, Мұратбаев №2-ден 13-ке дейін, Ермектасов №1-ден 5-ке дейін, Кедесов №1-ден 10-ға дейін, Жамбыл №2-ден 37-ге дейін, Бұланов №3-тен 38-ге дейін, Ө. Молдағұлова №1-ден 13-ке дейін, Желтоқсан №9-дан 29-ға дейін (тақ жағы), Желтоқсан №1А, 4, Қабанбай батыр №2-ден 18-ге дейін (жұп жағы), №1-ден 35-ке дейін (тақ жағы), Момышұлы №1-ден 12а-ға дейін, Терібаев №2-ден 43-ке дейін, Есеболатов №1-ден 102-ге дейін, Ангалова №6-дан 12-ге дейін, Уәлиұлы №1-ден 39-ға дейін, Құсмордин № 1-ден 6-ға дейін, Майлин №2-ден 33-ге дейін, Жидебаев №33-тен 41-ге дейін (тақ жағы), №56-ден 108-ге дейін (жұп жағы), Бөрібай батыр №33-тен 55-ке дейін, Масимов №36-дан 50-ге дейін, Е. Маманұлы №2-ден 60-ге дейін.

№3 сайлау учаскесі.

Орталығы: Жансүгіров ауылы, Қабанбай батыр көшесі №42, «Ақын Сара» жастар мәдени орталығы.
Шекарасы: Жансүгіров ауылы, көшелері: Желтоқсан №8-ден 48-ге дейін (жұп жағы), №33-тен 63-ке дейін (тақ жағы), Қабанбай батыр №20-ден 40-қа дейін (жұп жағы), №41-ден 65-ке дейін (тақ жағы), Пушкин №1-ден 17-ге дейін, Төлебаев № 1-ден 56а-ға дейін, Амангелді №1-ден 59-ға дейін, Айтқожин №1-ден 9-ға дейін, Сүлейменов №1-ден 4-ке дейін, Бұхарбаев №1-ден 77-ге дейін, Кенжебаев №1-ден 16-ке дейін, Ақын Сара №1-ден 33-ке дейін, Толғанбай ақын №1-ден 71-ге дейін, Р. Рахымбекова №1-ден 33-ке дейін, Абай №1-ден 14-ке дейін, Жандосов №2-ден 29-ға дейін, Өубәкіров №1-ден 21-ге дейін, Омарұлы №1-ден 21-ға дейін, Жансүгіров №1-ден 14-ке дейін, Жидебаев №43-тен 51-ге дейін (тақ жағы).

№4 сайлау учаскесі.

Орталығы: Көкөзек ауылы, Алтынсарин көшесі №1, «Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі» ММ «Қуат Терібаев атындағы орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен» КММ.
Шекарасы: Көкөзек ауылы.

№5 сайлау учаскесі.

Орталығы: Алтынарық ауылы, Абай көшесі №1, «Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі» ММ «Қаракемер орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» КММ.
Шекарасы: Алтынарық ауылы.

№14 сайлау учаскесі.

Орталығы: Жаңалық ауылы, Шатырбай Бәтенов көшесі №1, «Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі» ММ «Жаңатілеу орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен» КММ.
Шекарасы: Жаңалық ауылы.

№17 сайлау учаскесі.

Орталығы: Ойтоған ауылы, Жәнәбіл көшесі №12, «Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі» ММ «Ілияс Жансүгіров атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» КММ.
Шекарасы: Ойтоған ауылы.

№18 сайлау учаскесі.

Орталығы: Үлгілі ауылы, Талдыөзек көшесі нөмерсіз, жекеменшік үй
Шекарасы: Үлгілі ауылы.

№33 сайлау учаскесі.

Орталығы: Көшкентал ауылы, Амангелді көшесі №30, Көшкентал ауылдық мәдениет үйі.
Шекарасы: Көшкентал ауылы.

№34 сайлау учаскесі.

Орталығы: Көлтабан ауылы, Орталық көшесі №15, «Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі» ММ «Көлтабан негізгі орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен» КММ.
Шекарасы: Көлтабан ауылы.

№ 44 сайлау учаскесі.

Орталығы: Жансүгіров ауылы, Жидебаев көшесі № 104А, «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Жетісу облысының полиция департаменті Ақсу ауданының полиция бөлімі» мемлекеттік мекемесі.
Шекарасы: «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Жетісу облысының полиция департаменті Ақсу ауданының полиция бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

АҚСУ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚҰРАМЫН ЖӘНЕ ЖҰМЫС УАҚЫТЫН ЖАРИЯЛАЙДЫ

Сайлау комиссияларының жұмыс уақыты:
сағат: 9.00-18.30
Түскі үзіліс уақыты – сағат: 13.00-14.30

№ 1 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Жансүгіров ауылы, О.Жұмашев көшесі №29, «Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі» ММ «Есмұрат Сиқымов атындағы орта мектебі, мектеп жанындағы интернатымен» КММ.
тел. 8 (72832) 20270.
Комиссия төрағасы - Құрманғалиева Бақыт Нұрсейтқызы
Комиссия төрағасының орынбасары - Кикимова Зәмзағұл Сейітқажықызы
Комиссия хатшысы – Суранчина Айжан Жоровна
Комиссия мүшелері: Али Айым Серікболқызы, Мендеханов Алтай Камзиұлы, Тұрысбаева Гүлзат Қанатқызы, Самихова Гулнар Келгенбайқызы, Оспанов Қанат Мұратұлы, Жүкежанов Мәди Еркеұлы.

№2 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Жансүгіров ауылы, Жансүгіров ауылы, Ғани Мұратбаев көшесі №1, «Ақсу ауданының мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» ММ «Молықбай Байсақұлы атындағы Ақсу аудандық мәдениет үйі» МКҚК.
тел. 8 (72832) 22441.
Комиссия төрағасы – Серікова Анар Серікқызы
Комиссия төрағасының орынбасары – Башаева Динара Еділбекқызы
Комиссия хатшысы – Баяхметова Жанат Тұрсынбайқызы
Комиссия мүшелері: Мұратхан Әдемі Мұратахнқызы, Шакерханова Ақмараал Даулетқызы, Сенкібаева Әлия Сәрсенқызы, Қасымбекова Бақытгүл Баймұханбетқызы, Бекбаева Гаухар Дүйсенқызы, Омарбекова Жазира Болатқызы.

№3 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Жансүгіров ауылы, Қабанбай батыр көшесі, 42, «Ақын Сара» мәдени жастар орталығының ғимараты.
тел. 8 (72832) 20651.
Комиссия төрағасы – Нүсүпов Дәуболат Бейсембайұлы
Комиссия төрағасының орынбасары – Мұқашева Динара Дүйсетайқызы
Комиссия хатшысы – Гарипова Резеда Ильдусқызы
Комиссия мүшелері: Қасымжомартова Лайла Имағалиқызы, Унгербаева Ажар Саятханқызы, Құмашбаева Әлия Бөлекбайқызы, Талапұлы Абылайхан, Мұхамадиева Ляззат Өкетайқызы, Ба-лабаева Мөлдір Асқарқызы.

№4 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Көкөзек ауылы, Алтынсарин көшесі №1, «Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі» ММ «Қуат Терібаев атындағы орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен» КММ.
тел. 8 (72832) 28836.
Комиссия төрағасы – Шермұханов Тарғын Мұратұлы
Комиссия төрағасының орынбасары – Бапышева Зульфия Мәулетқызы
Комиссия хатшысы - Демекеева Гүлнар Түрсекенқызы
Комиссия мүшелері: Абылсейтов Олжас Абылсейтұлы, Солтанбаева Айнұр Ілібекқызы.

№5 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Алтынарық ауылы, Абай көшесі №1, «Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі» ММ «Қаракемер орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» КММ.
тел. 8 (72832) 29695.
Комиссия төрағасы – Қабаев Ерғали Әбішұлы
Комиссия төрағасының орынбасары – Тілеужанов Жетпісбай Бекетұлы
Комиссия хатшысы – Дарубаева Жанар Молдаханқызы
Комиссия мүшелері: Бежігітова Салтанат Есболатқызы, Баубек Шыңғыс Қалиұлы.

№14 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Жаңалық ауылы, Шатырбай Бәтенов көшесі №1, «Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі» ММ «Жаңатілеу орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
тел. 8 (72832) 27187.
Комиссия төрағасы - Сқақов Қаблақат Қызырұлы
Комиссия төрағасының орынбасары – Нұрғожина Айгүл Нұрханқызы
Комиссия хатшысы - Ыдырышбаева Гүлмира Қажікенқызы
Комиссия мүшелері: Тезекбаева Мәншүк Қасымжанқызы, Қойлыбаев Ерлан Мүслімұлы

№17 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Ойтоған ауылы, Жәнәбіл көшесі №12, «Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі» ММ «Ілияс Жансүгіров атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» КММ.
тел. 8 (72832) 27121.
Комиссия төрағасы – Сағымбаев Дастан Есімғалиұлы
Комиссия төрағасының орынбасары – Жанабаева Лаура Аутаханқызы
Комиссия хатшысы – Беков Нұрлан Рахымбекұлы
Комиссия мүшелері: Садырбеков Қанат Барлыбекұлы, Малсақов Асан Омарұлы

№18 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Үлгілі ауылы, Талдыөзек көшесі нөмерсіз, жекеменшік үй тел. 8 (72832) 23400.
Комиссия төрағасы – Жесекбаев Ұлан Қалқаманұлы
Комиссия төрағасының орынбасары – Шаюсупова Маржан Нұралиқызы
Комиссия хатшысы – Есенбаев Махамбет Советбекұлы
Комиссия мүшелері: Уәлиева Мәрия Айтқалиқызы, Демеубаев Болат Қожахметұлы.

№33 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Көшкентал ауылы, Амангелді көшесі №30, Көшкентал ауылдық мәдениет үйі. тел. 8 (72832) 51057.
Комиссия төрағасы - Жолдыханов Сырым Ескелдіұлы
Комиссия төрағасының орынбасары – Көлдеева Шынар Әділқызы
Комиссия хатшысы – Жексенбай Бексұлтан Қанайұлы
Комиссия мүшелері: Ниязахунова Мәрия Қалиасқарқызы, Есімбекова Айдана Ғазизқызы.

№34 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Көлтабан ауылы, Орталық көшесі №15, «Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі» ММ «Көлтабан негізгі орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен» КММ.
тел. 8 (72832) 28171.
Комиссия төрағасы – Біржанова Жамбы Құдайбергенқызы
Комиссия төрағасының орынбасары– Жүнісова Фарида Шаймұратқызы
Комиссия хатшысы – Сүйдіналиева Индира Алтынбекқызы
Комиссия мүшелері: Мұсанова Жанна Елемісқызы, Қабимолдинова Гүлсім Ербатырқызы.

№44 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Жансүгіров ауылы, Жидебаев көшесі № 104А, «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Жетісу облысының полиция департаменті Ақсу ауданының полиция бөлімі» мемлекеттік мекемесі.
Комиссия төрағасы – Рамазанова Үміт Науқанқызы
Комиссия төрағасының орынбасары – Молдахметова Гүлзат Рысбайқызы
Комиссия хатшысы – Исанова Гүлназ Абуталипқызы
Комиссия мүшелері: Есмурзина Ляззат Рысбаевна, Нұрахметова Әйгерім Берікқызы.

1 МАУСЫМ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІ!

АЛДЫМЫЗДАҒЫ ЗОР МІНДЕТ –
БОЛАШАҚ ҰРПАҚТЫҢ БАҚЫТТЫ
ӨМІРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ



1 маусым Халықаралық балаларды қорғау күні – бұл баршамызға балаларымызды қорғаудың, олардың қауіпсіздікте болуының, амандығының маңыздылығын еске салатын ерекше күн. Балалар біздің үмітіміз болашағымыз.

Мереке қарсаңында қайырымдылық акциясы жарияланған бо-

латын. Сол акцияға жеке кәсіпкер Нурмуханбетова Нургүл үйде арнаулы әлеуметтік қызмет алушы мүгедек балаларға жаздық киімдер алып берді.

1 маусым күні орталық алаңда үйде арнаулы әлеуметтік қызмет алушы мүгедек балаларға қуаныш пен шаттық сыйлау мақсатында іс –шаралар ұйымдастырылды.

Орталық алаңға шығып, концерттік бағдарламалар тамашалады, аудан әкімінің орынбасары Бекзат Тілектесұлы бастаған бір топ мекеме басшылары тәттілер толы себеттерін табыстады. Аудандық мешіттің бас имамы Анарбай Тасболатұлының және «Әли» дәмханасының иесі Іңкәрбек Нұргелді, жеке кәсіпкерлер Рысбекова Гүлнұр, «Сая» дүкенінің иесі Төмеш Сәуле, «Адина» асханасының иесі Бекишова Гүлзада, асхана жұмысшысы Рахым Мәден, «Lion» кафесінің иесі Сауганбаева Аяна, шаштаразшы Бейкұтжан Зина демеушілік танытып қаржылай көмек көрсетіп, дәмханада дастархан жайылып, сыйлықтар үлестірілді.

Сонымен қатар, ауыл округтеріндегі үйде арнаулы әлеуметтік қызмет алушылар да тыс қалмады, әлеуметтік қызметкерлердің атсалысуымен демеушілерді тарта отырып, сыйлықтар берілді.

Балаларды қорғау күні мереке ғана емес, сонымен қатар, болашаққа бағдар жасайтын маңызды шараның бірі. Адамзаттың алдында тұрған зор міндет – болашақ ұрпақты бақытты өмірін қалыптастыру.

**С. ҚАЙЫРҒАЛИ,
ЖҚӘББ әлеуметтік жұмыс
жөніндегі маманы.**

БАЛА – БІЗДІҢ БОЛАШАҒЫМЫЗ

(АШЫҚ ЕСІК КҮНІНЕ АРНАЛҒАН ІС-ШАРА)

1 маусым – Балаларды қорғау күні қарсаңында Ақсу ауданының №6 психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті коммуналдық мемлекеттік мекемесінде «Қазақстан балалары 1-маусым балаларды қорғау күніне арналған «Бала – біздің болашағымыз» тақырыбымен ашық есік күні өтті. Іс - шараның мақсаты – ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау бағытындағы мекеме жұмысы мен жетістіктерін көпшілікке таныстыру, ата - аналар мен педагогтерге түзету - дамыту жұмыстарындағы инновацияларды көрсету.

Түзеу кабинеті ерекше балалардың дамуын қолдауда маңызды рөл атқарады. Мұнда логопед, дефектолог, психолог, БДШ және сазды-ырғақ мамандар:

- баланың психологиялық-педагогикалық диагностикасын жүргізеді;
- сөйлеу, танымдық, әлеуметтік дағдыларды дамытуға арналған сабақтар өткізеді;
- әр балаға жеке даму бағдарламасын (ИДБ) жасайды.

Мекемеге 0 жастан 18 жасқа дейінгі ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар қабылданады. Айта кету керек, мекеме заманауи инновациялық құрал-жабдықтармен жабдықталған. Ашық есік күні қонақтар:

Сенсорлы-динамикалық кешен, Multikid, Del'fa интерактивті құрылғылары, сенсорлық кабинет, Монтессори материалдары, Numicon әдістемесі,

робототехника, бейімделген дене шынықтыру (АФК) құрал-жабдықтары арқылы балалардың дамуын қалай қолдайтынын көріп, тәжірибе алмасты.

Іс-шара аясында балаларға арналған ойындар, шеберлік сабақтары өткізілді, арнайы ұйымдастырылған концерттік бағдарламада балалар өз өнерлерін көрсетті. Ата-аналар мамандардан кеңес алып, балалардың жетістіктерімен танысты.

Ата - аналар ұжымға алғыстарын білдіріп, ерекше балаларға көрсетіліп отырған қамқорлық пен сүйіспеншілік үшін жүрекжарды ризашылықтарын жеткізді. Ізгі тілектер айтылып, балалардың қуанышты сәттеріне куә болған барлық қонақтар мерекелік көңіл күймен тарасты.

Мекеменің миссиясы

Ақсу ауданының №6 психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті КММ – ерекше білім берудің маңызды бөлігі. Мұнда 0 жастан 18 жасқа дейінгі балалар қабылданып, инновациялық әдістер мен құралдар арқылы балалардың әлеуетін ашуға, өзіне деген сенімін арттыруға жағдай жасалады. Осындай іс-шаралар арқылы мекеме ұжымы қоғамға балалардың болашағы үшін бірлесе әрекет ету маңызды екенін көрсетіп келеді. Өйткені бала – біздің болашағымыз!

**Сағдат БАРЛЫБАЕВА,
педагог-логопед**

**Сания НҰРБАЛАЕВА,
арнайы педагог.**

ДИНИ ЭКСТРЕМИЗМ МЕН ТЕРРОРИЗМ
ҒАСЫР ДЕРТІ



Терроризм мен экстремизм қазіргі заманның ең өзекті мәселелерінің бірі.

Елімізде тәуелсіздік алған күннен бастап конфессияаралық қатынастар саласында салмақты мемлекеттік саясат жүргізілуде. Қоғамдағы экстремизм мен терроризмнің кез келген көріністеріне және біздің азаматтарымыздың конституциялық құқықтарына қысым жасауды көздейтін әрекеттерге қарсы қатаң әрі дәйекті қарсы тұру қаралуда.

Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкес Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып табылған.

Іс-әрекеті мен мақсаты

Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге, оның тұтастығын бұзуға, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік, топтық және рулық араздықты қоздыруға бағытталған қоғамдық бірлестіктер құруға және олардың қызметіне, сондай-ақ заңдарда көзделген әскерилендірілген құрамалар құруға тыйым салынады.

Дін бостандығы көптеген дәстүрлі емес ағымдардың таралуына әкелді, олардың арасында деструктивті, тоталитарлық сипаттағы ағымдар бар. Дін туралы түсінбеушілік адамдарға зиян тигізуі мүмкін. Сондықтан, діни экстремизм мен радикализм

– бұл жалпыға ортақ проблема. Бұл проблемамен тек кейбір мемлекеттік органдар ғана жұмыс жасайды деп айтуға болмайды. Әрбір мемлекеттік орган өзінің функционалдық ерекшеліктерінің негізінде өз үлесін қосуы қажет. Терроризм және экстремизмге қарсы тұру – бұл әлемде құқық пен тәртіпті қамтамасыз етудің маңызды бағыты.

Өйткені өмірдің қиын кезеңінде адамдар дәстүрлі емес діни бағыттарға өріп кетуге бейім. Әсіресе жастар. Қазіргі таңда, осы терроризм мен экстремизмнің көрінісі мемлекетіміздің ғана емес, бүкіл әлемдік өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Жастарымыз дәстүрлі емес діни ағымдардың

қырларын білмегендіктен сол ұйымдарға бет бұрып кетеді.

Олар бізден күнделікті қамқорлық пен тынымсыз ілтипатты қажет етеді. Жастарымыздың адамзаттық болмыстағы құнды бағдарларын білу өте маңызды. Себебі, адамның жеке тұлға ретінде көбінесе жас жылдарында қалыптаса бастайды.

Мәліметтерге сүйенсек, елімізде әлеуметтік желілерде радиокалды, экстремистік көзқарастағы бейнематериалдар мен жазбаларды таратқандығы үшін қаншама азамат бас бостандығынан айырылған. Адамдар әлеуметтік желідегі пікірлері үшін де (комментарий) жауапқа тартылатындығын білгені дұрыс.

**Назира АУБАКИРОВА,
Б.Сырттанов ауылдық
кітапханасының кітапханашысы
"AMANAT" партиясының мүшесі.**

ҚҰРБАН АЙТ – МЕЙІРІМ МЕН
КЕШІРІМ МЕРЕКЕСІ

**Аса қамқор ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын!
Қадірлі отандастар, аудан тұрғындары!**

Сіздерді мұсылман қауымының ұлық мейрамы – Құрбан айт мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Айт қабыл болсын! Баршаңызға мықты денсаулық, отбасыларыңызға амандық, жұмыстарыңызға береке тілеймін. Алла Тағала біріміздің мерейімізді үстем етсін!

Құрбан айт – бірлік пен игілік, мейірім мен кешірім мерекесі. Бұл күні мұсылмандар қайырлы, ізгі амалдар арқылы Жаратушыға жақындайды. Алланың разылығы үшін құрбан шалып, тұрмыс жағдайы төмен отбасыларына қайырымдылық көмек көрсетеді. Ұлық мереке ағайын арасын жақындатып, көршілерді, ұлттар мен ұлыстарды ынтымаққа ұйытып, татулыққа шақырады.

Құрбан айт – отбасылық мереке. Отбасын шаттыққа бөлеп, ағайын-туыс, көршілерді аралап, жағдайын сұрау – сауапты іс. Оларға сыйлық беріп, көңілін көтеру – Мұхаммед Пайғамбар (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сүннетінен. Сүннетті орындаған адамға сауап жазылады.

Айт намазынан кейін құрбан шалып, дастархан басында мәре-сәре күй кешу – ата-бабамыздан ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, ежелден келе жатқан игі дәстүр. Бірлікті ту еткен бейбіт заманда осынау дінімізбен бітеқайнасан дәстүрімізді жаңғыртудың сәті туды.

Мүбәрак мейрамның құрметіне орай, барша бауырларды, дін жанашырларын Құрбан айтта мүгедектер мен зағиптар, жетімдер мен жесірлер, әсіресе қараусыз қалған ата - аналар үшін арнайы қайырымдылық іс - шаралар өткізіп, айттың қуанышын сездіріп, оларға мүмкіндігінше көңіл бөлуге шақырамыз.

Сонымен қоса шалынатын құрбандық дұрыс болу үшін шариғатымызда малға қатысты айтылған талаптар жайлы айтып өтеміз:

Құрбандыққа қой, ешкі, ірі қара немесе түйе шалу. Малдың еркегі де, ұрғашысы да жарайды.

Қой мен ешкі бір адамның атынан бауыздалады. Ал, түйе мен ірі қараны бір адамнан жеті адамға дейін шалуға болады.

Ақауы жоқ, мінсіз малды құрбандыққа шалу. Көзі көрмейтін не бір көзі жоқ, ақсақ, тым арық, тістері жоқ, желіні кепкен, құйрығы немесе құлағының үштен бір бөлігінен көбі кесілген малды құрбандыққа шалу дұрыс емес. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Төрт мал құрбандыққа жарамайды: қылилығы айқын, ауруы анық, ақсақтығы мәлім, жілік майы таусылған (тым арық) малдар», – деген.

Белгілі жасқа жеткен малды құрбандыққа шалу. Қой мен ешкі бір жасқа жету керек. Үлкендігі бір жасар қойға ұқсас алты айға толған семіз әрі ірі қойды да құрбандыққа шалуға рұқсат етіледі. Ал, ірі қара екі жасқа, түйе бес жасқа толуы шарт.

Адам баласын мейірімділікке, игілікке, бірлікке үндейтін ұлық мереке – Құрбан айт мүбәрак болғай, ағайын.

Жаратушы Іемізден елімізге амандық, кәсіптеріңізге адалдық пен береке тілеймін. Еңселі елдің болашағы баянды болғай! Айттан айтқа аман-есен жете берейік! Әумин.

**Анарбай ТАСБОЛАТҰЛЫ,
аудан имамы.**

ХАБАРЛАНДЫРУ!

● Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Жалпы бөлім) 38, 42 және 45 - баптарына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 17, 123, 124, 125, 130 - баптарына сәйкес Жетісу облысының әкімдігінің 2025 жылғы 08 сәуірдегі №102 Қаулысымен «Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Сағабүйен балалар саз мектебі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнын қайта құру жолымен «Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Сағабүйен балалар саз мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып қайта ұйымдастырылғаны туралы хабарлаймыз!

● Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы «Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларын бекіту туралы» № 138 қаулысының 8-тармағының, 1), 2)-тармақшаларына сәйкес 2025 жылдың шілде айының 07-сі күні сағат 1500-де Жансүгіров ауылдық округі әкімдігінің мәжіліс залында Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылының Есенқұл Маманұлы көшесі жанындағы екінші, үшінші және төртінші бұрылыстардағы жаңа көшелерге атау беру бойынша жергілікті қауымдастық кеңесімен бірлескен жиналыс өтетінін хабарлаймыз.

"АҚСУ Өңірі"
Меншік иесі - ЖШС
"Ақсу өңірі" газеті"
Құрылтайшы, директор -
бас редакторы
ҚАСЫМБЕКОВА
ЛӘЗЗАТ
ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму Министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті 2015 жылғы 16 қараша айында есепке қойылды. Күлдік №15701-Г

Газет бетінде жарияланған мақалалар авторының пікірі редакция көзқарасы болып табылмайды. Мақалалар өңделеді, авторға қайтарылмайды. Жарнама, хабарландырулар, арнау, құттықтаулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет қазақ тілінде аптасына бір рет, жұма күні шығады.

БІЗДІҢ
МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Жетісу облысы,
Ақсу ауданы,
Жансүгіров ауылы,
Желтоқсан көшесі, №5 "В",
аудандық әкімшілік үйінде

Тапсырыс 488
Осы шығарылымның
таралымы 2827

Директор - бас редактор
- 2-12-90,
жауапты хатшы
- 2-12-90.

Электрондық пошта:
aksuoniri@mail.ru
Газеттің ресми сайты
aksuoniri.kz

Индекс: 66750
Офсеттік басылым көлемі 26 т.